

## **"Шиелі аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 700 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 15 ақпанда № 5357 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 24 маусымдағы № 835 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 24.06.2016 № 835 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) .**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 18-бабының 8) тармақшасына сәйкес Шиелі ауданының әкімдігі

### **Қ А У Л Ы**

### **Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған "Шиелі аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.

3. Қаулының орындалуын бақылау Шиелі ауданы әкімінің орынбасары А. Е с м а х а н о в қ а жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің міндетін атқарушы*

*Т. Жағыпбаров*

2016 жылғы " 12" қаңтардағы  
Шиелі ауданы әкімдігінің  
№ 700 қаулысымен бекітілген

## **"Шиелі аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Шиелі аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі дене шынықтыру және спорт саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады .

2. "Шиелі аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Шиелі ауданының әкімдігі болып

т а б ы л а д ы .

3. "Шиелі аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мынадай ведомствосы бар:

1) "Шиелі аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Шиелі аудандық спорт клубы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

2) Шиелі аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің "№10 Шиелі ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік м е к е м е с і .

4. "Шиелі аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

5. "Шиелі аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық, органдарында шоттары болады.

6. "Шиелі аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

7. "Шиелі аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы б а р .

8. "Шиелі аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Шиелі аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін ш е ш і м д е р қ а б ы л д а й д ы .

9. "Шиелі аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

10. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индекс 120700, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Абай көшесі, №28.

"Шиелі аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмыс кестесі: сенбі, жексенбі және заңнама актілерімен белгіленген басқа демалыс және мереке күндерінен бөлек, күн сайын дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 09.00-ден 19.00-ге дейін (сағат:

13.00-ден 15.00-ге дейін үзіліс).

11. Мемлекеттік органның толық атауы: "Шиелі аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

12. Осы Ереже "Шиелі аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

13. "Шиелі аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

14. "Шиелі аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік субъектілерімен "Шиелі аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық катынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Шиелі аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

15. "Шиелі аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің миссиясы: дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз етеді.

16. Міндеттері:

1) дене шынықтырумен және спортпен айналысатын адамдардың, сондай-ақ дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шаралардың қатысушылары мен көрермендерінің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу орындарында қоғамдық тәртіпті сақтау ;

2) ұлттық, техникалық және қолданбалы спорт түрлерін дамыту;

3) дене шынықтыру мен спортты қолдау және ынталандыру;

4) дене шынықтыру және спорт саласын зерттеу үшін ғылыми базаны дамыту ;

5) әлеуметтік және білім беру функцияларын, сондай-ақ ерікті қызмет қағидатына негізделген олардың құрылымының ерекшелігін ескере отырып, спорттың барлық түрлерін дамытуға жәрдемдесу болып табылады.

17. Функциялары:

1) жеке адамдардың тұрғылықты жері бойынша және олардың көпшілік

демалу орындарында спортпен шұғылдануы үшін инфрақұрылым жасайды;

2) аккредиттелген жергілікті спорт федерацияларымен бірлесіп, спорт түрлері бойынша аудандық спорттық жарыстарды өткізеді;

3) спорт түрлері бойынша аудандық құрама командаларды даярлауды және олардың облыстық спорттық жарыстарға қатысуын қамтамасыз етеді;

4) аудан аумағында бұқаралық спортты және ұлттық спорт түрлерін дамытуды қамтамасыз етеді;

5) аудан аумағында аудандық дене шынықтыру-спорт ұйымдарының қызметін үйлестіреді;

6) спортшыларға: 2-разрядты спортшы, 3-разрядты спортшы, 1-жасөспірімдік-разрядты спортшы, 2-жасөспірімдік-разрядты спортшы, 3-жасөспірімдік-разрядты спортшы спорттық разрядтарын береді;

7) мынадай: біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, спорт төрешісі біліктілік санаттарын береді;

8) спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай өңірлік күнтізбесін іске асырады;

9) аудан аумағында спорттық іс-шараларды ұйымдастыруды және өткізуді үйлестіреді;

10) аудан аумағында дене шынықтыру мен спортты дамыту жөніндегі ақпаратты жинауды, талдауды жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысанда және мерзімдерде облыстың жергілікті атқарушы органына ұсынады;

11) аккредиттелген өңірлік және жергілікті спорт федерацияларының ұсыныстары бойынша спорт түрлері бойынша аудандық құрама командаларының тізімдерін қалыптастырады және бекітеді;

12) ресми дене шынықтыру және спорт іс-шараларын медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

13) дене шынықтыру және спорт іс-шараларын өткізу кезінде қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді;

14) аудандық мамандандырылмаған балалар-жасөспірімдер мектептерінің қызметін қамтамасыз етеді;

15) жергілікті мемлекеттік басқару мүдделерінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

## 18. Құқықтары мен міндеттері:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан,

олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдар сұратуға  
ж ә н е а л у ғ а ;  
құзыреті шегінде құқықтық және нормативтік құқықтық актілердің  
ж о б а л а р ы н ә з і р л е у г е қ а т ы с у ;  
қолданыстағы заңнамалық актілерде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге  
а с ы р у ғ а қ ұ қ ы ғ ы б а р .

2) жеке және заңды тұлғалардың жолдаған өтініштерін қарауға, олардың орындалуын бақылауға, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен олар бойынша жауаптар беруге;  
жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды  
ұ й ы м д а с т ы р у ғ а ;  
заңды және негізделген шешімдер қабылдауға;  
қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге;  
қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де міндеттерді іске асыруға міндетті.

### **3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру**

19. "Шиелі аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Шиелі аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын  
б і р і н ш і б а с ш ы жү з е г е а с ы р а д ы .

20. "Шиелі аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын аудан әкімі қызметке тағайындайды  
ж ә н е қ ы з м е т т е н б о с а т а д ы .

21. "Шиелі аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) "Шиелі аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызметке тағайындайды және босатады;

2) "Шиелі аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы мемлекеттік мекеменің басшысының қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызметке тағайындайды және босатады;

3) "Шиелі аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін өз құзыреті шегінде айқындайды;

4) "Шиелі аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін, "Шиелі аудандық дене шынықтыру

және спорт бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы мемлекеттік мекеменің басшысын заңнамада белгіленген тәртіппен ынталандырады және тәртіптік жазалар қолданады;

5) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады;

6) мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдарда өз құзыреті шегінде "Шиелі аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүддесін білдіреді;

7) "Шиелі аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етуге бағытталған шаралар қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдау үшін дербес жауапты болады;

8) гендерлік теңдік саясатын жүзеге асыру жұмыстарын ұйымдастырады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

"Шиелі аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

#### **4. Мемлекеттік органның мүлкі**

22. "Шиелі аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Шиелі аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. "Шиелі аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік аудандық коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Шиелі аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

25. "Шиелі аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК